

## Түсініктеме

Еліміздің тәуелсіздік алып, дербес даму жолы қоғам өмірінің барлық саласын елеулі өзгерістерге әкелуде. Қазіргі қоғам дамуының қажеттілігіне сай егеменді еліміздің алдында тұрған басым міндеттердің бірі-арнаулы білім беру мазмұны бойынша білім алатын ерекше қажеттіліктері бар тірек-қимыл аппараты бұзылған тұлғаға педагогикалық көмек көрсетудің тиімді жолдарын ұйымдастыру. Бұл өзекті мәселенің мазмұны мен міндеттері, дамыту жетістіктері отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып анықталады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында білім саласы қызметкерлерінің алдына үлкен міндеттер қойды. «Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелері мен білікті мамандар ұсыну»- деп атап көрсеткен. Білім беру саласындағы шешімі толық табылмаған мәселенің бірі-инклюзивті білім беру.

Инклюзивті білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады.

Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады.

Арнайы қажеттіліктері бар балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім беру туралы», «Арнайы қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Қазақстан Республикасында кемтарларды әлеуметтік қорғау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» Қазақстан

Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді.

Жоғары оқу орындарында болашақ педагогтарды дайындайтын «Инклюзивтік білім беру» деген пән оқытылады. Бүгінгі таңдағы өзекті мәселелерін бірі – балалардың денсаулығын сақтау, нығайту. Оқу құралы қолданылып жүрген бағдарламаға сәйкес жазылған.

Педагогикалық бағыт бойынша оқитын студенттерге арналған, өйткені инклюзивті білім технологияларының іске асырудың табыстылығы, Қазақстанның әдеттегі білім беру мекемелерінде ғана мүмкін білім беру интеграциясының субъектілерінің оған өздерінің дайындағаннан кейін, оның ішінде болашақ тәрбиешілер мен пән мұғалімдерінің, инклюзивті топтарда оқушылармен жұмыс істейтін, құрамына денсаулығында арнайы қажеттіліктері бар адамдар енгізілген.

Әдістемелік негіздері, мәні, принциптері, оқу орындардағы инклюзивті оқытудың проблемалық технологиялары туралы теориялық түсініктерін қалыптастыру; арнайы қажеттіліктері бар тұлғаның медициналық және әлеуметтік модельдері туралы жалпы көзқарастарын қалыптастыру; физикалық арнайы қажеттіліктері бар оқушылармен толерантты қатынасын қалыптастыру; орта жалпы білім беретін мектеп жағдайында инклюзивті топтарда білім беру қызметінің тәсілдері мен негізгі тиімді әдістерін меңгеру.

Бұл оқу құралы арнайы қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу мен оқыту, яғни күрделі әлеуметтік және педагогикалық мәселені жан - жақты қарастыруға мүмкіндік беріп, сонымен қатар ерекше балаларды қоғамдық өмірге пайдалы, белсенді, өз беттерінше өмір сүре алатындай дайындау мақсатындағы негізгі сұрақтарды шешуге көмектеседі.

Бұл оқу – әдістемелік құрал «Инклюзивті білім беру» оқу бағдарламасының тақырыптарына сай құрастырылған, және жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандарына арналған.